

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Үй жануарлары.

ЖАРИЯЛАНДЫ
16.11.2019СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/63152/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Ермахан Ақмөлдір

Білім беру саласы: «Таным», «Қатынас»**Білім бөлімі:** Жаратылыстану**Тақырыбы:** Үй жануарлары.**Мақсаты:** Үй жануарларының мекен ету ортасы, қоректенуі туралы түсінік беру. көрнекіліктер пайдалана отырып, төлдерінің аттарын атай және ажырата білуге үйрету. Үй жануарларына сүйіспеншілікпен қамқор болуға тәрбиелеу.**Әдіс-тәсілдер:** Әңгімелесу, сұрақ-жауап, тапсырма беру, ойын.**Тәрбиеші:** Балалар, таңертең көзімізді ашып оянғанда терезеге қарасақ, ең алдымен біз нені көреміз?**Балалар:** Күнді.**Тәрбиеші:** Дұрыс, күнді көреміз.

— Күн бізге не береді?

Балалар: Жылу береді, нұр береді.**Тәрбиеші:** Олай болса бір-біріміздің қолымыздан ұстап бүгін бізге келген қонақ-апайлармызға жылы лебізімізді білдірейік.**Шаттық шеңбері:****Балалар:** Армысың алтын күн!

Армысың жер ана.

Армысың достарым,

Сендерді көрсем қуанам.

Тәрбиеші: Ал, балалар бүгінгі оқу іс-әрекетіміз ерекеше болмақ.

Себебі, -Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетіміз «Үй жануарлары» туралы болмақ.

Мына суретке қарайықшы бұл не?

Балалар: Сиыр, қой, ешкі, түйе, жылқы.

Тәрбиеші: Бұл жануарлар орманда өмір сүре ме, әлде үйде ме?

Балалар: Үйде өмір сүреді.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар.

-Балалар, қараңдаршы үй жануарлары үйде мекен етеді екен. Үй жануарларының тұратын жерін не деп атаймыз?

Балалар: Қора.

Тәрбиеші: Үй жануарлары немен қоректенеді екен?

Балалар: Жем, шөп жейді.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар.

Балалар сиырдың баласын біз бұзау деп, ешкінің баласын лақ деп, қойдың баласын қозы деп, жылқының баласын құлын деп, түйенің баласын бота деп атайды екенбіз.

-Мынау- сиыр, ол бізге не береді?

Балалар: сүт, май, қаймақ, айран, ірімшік береді.

Тәрбиеші: Ал, мынау жылқы, халқымыз жылқы малын керемет бағалаған.

-Жылқының бізге қандай пайдасы бар, бізге не береді? .

Тәрбиеші: Мінсе-көлік болады,қымыз береді, етін жейміз.

-Мынау- қой, ол бізге не береді?

Балалар: Етін жейміз, жүнінен киімдер тоқимыз.

Тәрбиеші: Мынау- түйе, оның дене құрылысы ерекше, ол бізге не береді?

Балалар: Қымыран ішеміз, жүні өте пайдалы.

Тәрбиеші: Ал, мынау -ешкі, ол бізге не береді?

—Сүтін ішеміз, етін жейміз.

-Жарайсыңдар! Үй жауарлары адамдарға пайдасы өте көп екен.

Тәрбиеші: Төлін тап.

Серкіту сәті:

Балалар: Қорбаңдаған аюдың

Құлпынайы көп екен

Теріп-теріп алайық

Қалтамызға салайық.

Тікірейіп құлағы,

Менен бұрын тұрады

Бойын жазып керіліп

Беті-қолын жуады.

Ойын: Жануардың суретін құрастыр.

Қортынды: балалар бүгін біз қандай жануарлармен

таныстық?

Балалар: Үй жануарлары.

Дұрыс айтасыңдар. Балалар біздің ұйымдастырылған оқу сағаты аяқталды. Сендер бүгін ұйымдастырылған оқу сағаттарына өте белсенді, жақсы қатыстыңдар жарайсыңдар деп, сендерге күлімсіреп тұрған смайлик берем!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.